

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
«Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты бойынша
Академиялық Комитет мәжілісінің
№5 Мәжілісі

Түркістан қ.

15.02.2023 ж.

Қатысқандар:

«Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты бойынша Академиялық комитет төрағасы: Бельдибекова А.Т., ф.ғ.к. доцент,
АК мүшелері: Сердәлі Б.К., ф.ғ.к., профессор, Садибеков А.К. аға оқытушы, Дәулетов М. «Түркістан-медиа» ЖШС директоры, газеттің бас редакторы, Тәжібаева Назерке 2-курс студенті, Абдумутали Еңлік 1 курс студенті.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Бакалавр ББ аудитін өткізу;
2. Бакалавр ББ жаңарту және жаңа ББ әзірлеу ұсыныстарын жинақтау, зерттеу;
3. Институционалдық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыру;
4. Ақпан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «ББ аудитін өткізу» тақырыбына орай АК төрағасы А.Бельдибекова күн тәртібіндегі бірінші мәселе Бакалавр ББ аудитін өткізу туралы мәселені қозғады.

Екінші және үшінші мәселелер бойынша ББ жаңарту және жаңа ББ-ны толықтыру, жаңа ББ әзірлеу ұсыныстарын жинақтау зерттеу Институционалдық аккредиттеудің Сыртқы жұмыстар нәтижесін қарастырсақ деген ұсынысын білдірді.

АК мүшесі Садибеков А.К. аға оқытушы: Бірінші мәселе бойынша айтатын болсам, Бакалавр ББ-на аудиті жасалды, барлық пәндер сұрыптаудан өтті.

АК мүшесі: Сердәлі Б.К., ф.ғ.к., профессор: Бакалавр ББ жаңарту және жаңа ББ әзірлеу ұсыныстары жинақталды, зерттеу жасалды. Оған жұмыс беруші, «Түркістан-медиа» ЖШС директоры, газеттің бас редакторы, АК мүшесі Мәлік Дәулетовпен кездесу ұйымдастырылып, қатысты. Жұмыс берушінің берілген ұсыныстары қабылданды. Бакалавр ББ жаңартуда АК мүшелерінің пікірлері ескеріліп кейбір пәндер біріктіріліп, ірілендірілді, алдағы уақытта білім беруде жаңартылған ББ өз тиімділігін береді деп санаймын.

АК мүшесі Садибеков А.К. аға оқытушы: Институционалдық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастырылып, кездесулер ұйымдастырылды. Бұл кездесуде жұмыс беруші өкілі Түркістан-медиа» ЖШС директоры, газеттің бас редакторы, Мәлік Дәулетовпен, «Turkistan media holding» ЖШС бас директоры Ж.Ағыбаевпен кездесулер өткізілді.


АК төрағасы: Бельдибекова А.Т., ф.ғ.к. доцент; төртінші мәселе ақпан айында атқарылған жұмыстардың ретіне келер болсақ, бұл айда атқарылған іс шаралар нәтижесі қанағаттанарлық деп айтуға болады. Атқарылған іс шаралардың нәтижесі алдағы атқарылар жұмыстардың орындалуымен де тығыз байланысты. Алда атқарылар жұмыстар ауқымды, оны бірігіп жасасақ шешімін табады деп санаймын. Бүгінгі мәжілісте көптеген

мәселелер қарастырылды, пікірлерін ортаға салып, мәселені талқылауға қатысқан АҚ мүшелеріне алғысымды білдіремін.

ШЕШІМ:

Бакалавр ББ аудитін өткізді. Бакалавр ББ жаңарту және жаңа ББ әзірлеу ұсыныстарын жинақтау, зерттеу жұмыстары жүргізілді және институционалдық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визиті ұйымдастырылды. Ақпан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қанағаттанарлық деп танылсын.

Мәжіліс төрайымы:



А.Бельдибекова

Хатшы :



А.Ташимова